№10 (10000)
3 ақпан
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Қылмыс пен жаза

Мұғалімдерді жұмысқа конкурссыз қабылдаған

Облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев прокуратура органдары мектептерде жүргізген тексерулер нәтижесінде санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі ережелерінің көптеген бұзушылықтарын, мұғалімдерді конкурссыз жұмысқа қабылдау, ыстық тамақпен қамтамасыз ету және мектеп ғимараттарында күзет қызметін көрсету барысындағы бұзушылықтарды атап өтті.

– Аймақтағы мектеп директорлары қызметкерді лаборант, ассистент қылып алып, мұғалім орны босағанда конкурс жарияламай 50-ден астам мұғалімді қабылдаған. Жалағаш ауданында және облыс орталығындағы мектептердің ғимараттарына бөтен адамдардың кіріп-шығу жағдайына эксперимент жасалып, нәтижесінде ғимаратқа еш кедергісіз қару жарақ және басқа да тыйым салынған құралдармен еркін кіріп шығуға болатынын көрсетті, – деді Нұрболат Дүйсенбаев.

Облыс прокурорының орынбасары кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасына да тоқталды. Оның айтуынша, өңірде балалармен жасалатын құқық бұзушылықтардың саны жылдан-жылға артып келеді. Мектеп оқушылары арасында бопсалау, әлімжеттік көрсету және жас ерекшеліктері бойынша топтардың әлі барын атап өтті.

Қылмыстың алдын алу, оны болдырмау құқық қорғау органдары мен атқарушы органдарға жүктелген басты міндет болса, бала тәрбиесінде ең бірінші кезекте ата-ана рөлі ерекше. Осы ретте облыс прокуратурасы мектептегі білім процесі, педагогтарды тағайындау, балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, олардың білім ордасындағы қауіпсіздігінен бастап түнгі мезгілге дейінгі қауіпсіздігін бақылау, ата-аналарымен профилактикалық жұмыстарды қамтитын Жол картасын әзірледі.

Оқушылар жарақат алды

Шығыс Қазақстан облысы полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, орта мектеп оқушысы екіншісіне суық қару қолданған. Қақтығыс кезінде ол жиналмалы кәдесый пышағын алып, қарсыласына сермеген. Салдарынан өзі де жарақат алды.

Оқушылардың бірінің қолы, екіншісінің беті кесілген. Мектепке жедел жәрдем мен полиция шақырылған. Зардап шеккендер ауруханаға жатқызылды. Ана мен бала орталығы мамандарының айтуынша, олардың өміріне қауіп төнбейді. Облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысы Татьяна Карпова бұзақылық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталғанын атап өтті.

– Барлық мән-жай анықталып жатыр. Бақылау камераларынан видеолар зерттеліп, қауіпсіздік шараларын күшейту бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілді, – деді Татьяна Карпова.

«ЖЖ» ақпарат

Форум

Цифрлық платформа құру ұсынылды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Беларусь, Ресей және Өзбекстан үкіметтерінің басшылары қатысқан Digital Almaty 2024: Индустрия X цифрлық форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі. Алматыда 1-3 ақпан аралығында өтіп жатқан іс-шарада мемлекеттік басқару, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы цифрлық трансформация тақырыптарын қамтитын ауқымды іскерлік бағдарлама ұсынылған. Панельдік пікірталастарға халықаралық сарапшылар, сала көшбасшылары, IT және бизнес салаларындағы жетекші инноваторлар қатарынан 200-ден астам спикер қатысуда.

Үкімет басшысы өз сөзінде бүгінде біз жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы, роботтандыру, сондай-ақ адам өміріндегі іс-әрекеттердің цифрлық түрленуінің куәсі болып отырғанымызды атап өтті. Ол мұндай жағдайда тез бейімделу және бірден жаңа шешімдер қабылдау мүмкіндігі жетістікке жетудің маңызды факторына айналады деп есептейді.

Үкімет басшысы мұндағы бірінші және негізгі бағыт мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара іс-қимылы кезінде адам қажеттілігіне бағытталған тәсілді қалыптастыру екенін айтады.

– Өткенді еске түсірейік. Құжаттарды қағаз түрінде алу үшін көп уақыт жұмсауға тура келетін. Бүгінде цифрландыру осы үдерістердің барлығын жеңілдетті. Қазір мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды форматта. Отбасының цифрлық картасы арқасында 6,3 млн қазақстандық отбасының деректері цифрландырылды. Жалпы мемлекеттік қызметтердің 40 түрі проактивті форматта көрсетіледі, – деді Премьер-Министр.

Стратегиялық міндет – өтініштерді өңдеуді жеделдету және қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жасанды интеллектті мемлекеттік қызметтер саласына интеграциялау. Бұл ретте дербес деректерді қорғау үшін қажетті шаралар қабылдануы тиіс. Үкімет басшысы бүгінде жасанды интеллект элементтері өндіріс саласында, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, денсаулық сақтауда, мемлекеттік қызмет көрсетуде және т.б. салаларда қолданылып жатқанын атап өтті.

– Жасанды интеллектті қолданудың сәтті мысалдарының бірі – CEREBRA медициналық платформасы. Ол сандық технологияны пайдалана отырып, инсультті жылдам диагностикалауға мүмкіндік береді. Өткен жылы Қазақстанда сәтті іске қосылғаннан кейін жоба Өзбекстан нарығына да шықты. Ал бүгінде ұжым оны басқа елдерде де іске қосуға дайын, – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен бірге ол жасанды интеллект құралдарын дамыту үшін ауқымды деректер мен есептеу қуатына қол жетімділікті қамтамасыз ету өте маңызды екенін атап өтті. Яғни бізде барлық мемлекеттік органдардың деректерін шоғырландыру және өңдеу тәжірибесі бар.

– Қазіргі уақытта біз кәсіпкерлер мен стартаптар қауымдастығына жеке тұлға мәліметтері жоқ деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету тетіктерін пысықтап жатырмыз. Жыл соңына дейін біз ғалымдарымызды, ғылыми-зерттеу институттары мен бизнесті қажетті есептеу қуатымен қамтамасыз етеміз, – деді ол.

Өңірлік IT-экожүйені дамыту мәселесіне тоқталған Әлихан Смайылов өзін инновациялық кластер және стартаптардың негізгі серіктесі ретінде танытқан Astana Hub халықаралық технопаркін мысалға келтірді. Сондай-ақ ол бұл тәжірибені еліміздің барлық өңірлерінде белсенді түрде кеңейтіп жатқанын атап өтті.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ.

Маман мерейі

Алтынай – үздік оқырман

Кітап – адамзат баласының баға жетпес байлығы. Ғылымның қайнар бұлағы. Шығыс ойшылы Әлішер Науаи «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Л.Толстой «Жақсы кітап оқу ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» деген. Ал Абай атамыз «Танымның бар тамашасы кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа, артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп насихаттайды. Алайда соңғы уақытта жастарымыз кітап оқудан шетте қалып, қол үзіп бара жатқаны рас.

Осы орайда 2020 жылдан бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алған болатын. Ал былтыр аталған жобаға үлес қосу және оқушылар мен мұғалімдер арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау мақсатында А.Байтұрсынұлы атындағы білім академиясының ұйымдастыруымен елімізде «Үздік оқырман» мұғалімдер байқауы өтті. 3 мың ұстаз қатысқан республикалық байқауға аудан абыройын арқалап З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтынай Медеуова қатысқан.

– Кітап оқуға деген құштарлығым бала кезден пайда болды. Алдымдағы аға-апаларыма қарап, 3 жасымда әліппені оқып, 5 жасымда «Балдырған», «Парасат», «Ақжелкен» деген журналдарды оқитынмын. Кейін ертегі, әдеби кітаптар оқи бастадым. Негізі үйде анам кітапты жиі оқиды. Кітаптар жинақталған арнайы сөресі болатын. Бірде сол сөреден «Абай жолы» романының I және II томын көріп оқымақшы болғанда анам «саған бұл шығарманы оқуға әлі ерте, кейін оқисың» деп бермей қойды. Ол кезде мен небәрі 3-ші сынып оқитынмын. Анамның қарсы болғанына қарамастан шығармаға деген қызығушылығым арта түсті. Содан бірде анамның рұқсатымен кітапты қолыма алып, жалықпастан 3 күн бойы шығарманың алғашқы томын оқып бітірдім. Біздің бала кезімізде қазіргідей кітап қолжетімді емес еді. Сондықтан болар, кейде кітапты ұрлап оқитынбыз. Мәселен, бірде көршімнің үйінің терезесінің алдынан Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романын көріп қалдым. Сұрасам бермей қояр деген оймен, күртешемнің ішіне тығып алып, ұрлап шыққаным есімде. Үйге барып оқып болған соң көршімнен кешірім сұрап, кітабын табыстағанмын, – дейді Алтынай Мансұрқызы.

Байқауға қатысушылар II кезең бойынша сынға түскен. I кезеңде олар 2023 жылдың қаңтар мен сәуір аралығында ұйымдастырушылар тарапынан іріктелген 5 кітапты оқып, 15 сәуір күні онлайн формат арқылы тікелей эфирде сұраққа жауап берген. Мәселен, олар Д.Исабековтің «Гауһар тас» повесін, Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романын, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романын, И.Тургеновтың «Әкелер мен балалар» романын, және Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары!» повестін оқыған. Қатысушыларға әр кітаптан 2 сұрақ беріліп, әр сұраққа кемі 200 сөзден тұратын эссе арқылы жауап берген.

II кезең мамыр мен қазан айы аралығында өткен. Бұл кезеңде қатысушылар Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повестін, М.Әуезовтың «Қилы заман» атты тарихи повестін, Б.Майлиннің «Күлпәш» повестін, А.Сент-Экзюперидің «Кішкентай шахзада» атты ертегі-повестін, және О.Бальзактың «Жергілікті дәрігер» романын оқыған.

– Осы байқауда маған оқуға ауыр болған Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» атты тарихи повесті. Аты айтып тұрғандай, ол тарихи повесть болғандықтан тілі ауырлау әрі түсініп оқу қиын болды. Ал ерекше әсер сыйлаған Шерхан Мұртазаның шоқтығы биік туындыларының бірі – «Ай мен Айша» романы. Шығармада Айшаның күнделікті күйбең тірлігі арқылы сол замандағы қасіретті, қиындықты, әділетсіздікті көресіз. Ол кезде тұрмыстық заттарға деген тапшылық көп болған ғой. Отты тұтататын күкірт болмағасын тұтанған оттың шоғын өшірмей келесі күнге дейін сақтаған. Бір күні алай-дүлей боран болған кезде үйінде шоқ өшіп қалып, анасы баласын көрші ауылдан шоқ әкелуге жұмсайды. Әлгі бала бір үйден кішкене бір шоқты сұрап алып, оны шелектің ішіне салып өшірмей үйіне әкеліп тұтатқан екен. Осы романдағы әр оқиға маған ерекше әсер сыйлады, – дейді ол.

Бір жылға созылған байқау нәтижесінде 3 мың қатысушының арасынан 50 ұстаз «Үздік оқырман» деп танылған. Айта кетейік, мақаламызға арқау болған кейіпкеріміз осы байқауда 335 балл жинап II орынға ие болды. Сондай-ақ ол 300 мың теңге қаржылай сыйақы иеленген. 12 қатысушы III орын иеленіп, 100 мың теңге, 6 қатысушы II орын иеленіп, 300 мың теңге, 2 қатысушы I орынға лайық деп танылып, 400 мың теңге сыйақыны жеңіп алған. Мұнан бөлек 30 қатысушыға ынталандыру сыйлығы мен 60 мың теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталған.

Жеңімпаздар қорытынды кезеңде кітап оқу мәдениетіне қатысты шеберлік сағаттар мен семинарларға қатысып, ұлттық кітапханамен танысты. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев өз білімін жетілдіріп, көп кітап оқуының арқасында бірнеше тілді еркін меңгерген. Кейіпкеріміздің айтуынша, кітап оқудың ерте-кеші жоқ. «Тек оны қолға алып, парақтап оқу қажет» дейді. Кітап жас ұрпақтың рухани байлығы мен ой-өрісін дамытудағы тәрбие құрал екенін естен шығармағанымыз жөн.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Брифинг

Алты азаматқа айыппұл салынған

Былтыр аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиялық мәні жоғары объектілердің біліктілік талаптарының сәйкестігін тексеруге 19 объекті жоспарланған, алайда дәлелді себептермен тексеру жүргізілмеген. Сондай-ақ былтыр 3 арыз-шағым, 1 прокурор талаптарына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 7 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған. ӘҚБТ хаттама негізінде 1 345 500 теңге көлемінде 6 айыппұл салынған. Оның төртеуі жеке тұлғаға тиесілі болса, қалғаны кәсіпкер, заңды және лауазымды тұлғалар еншісінде. Мұнан бөлек 1 лауазымды тұлғаға шара көруге сотқа материал берілді. Соттың шешімімен лауазымды тұлғаға 60 375 теңге айыппұл салынып, сот шешімімен объектінің жұмысын уақытша тоқтатуға ауданаралық экономикалық сотына материал ұсынылды. Бұл туралы басқарма басшысы Г.Айымбетова мәлімдеді.

Басқарманың былтырғы жұмысын саралаған ол аудан тұрғындарының 99,2 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесін, 0,8 пайызы жүйеленділірілмеген ауыз суды пайдаланатынын айтады.

– Ауыз су сапасы мемлекеттік бақылауында болып, су сынамаларына зертханалық зерттеулер жүргізіліп отырды. Жыл көлемінде санитарлық-химиялық зерттеуге 399 су сынамасы алынды, оның 37-сінен, яғни 9,2 пайызынан хлоридтер, құрғақ қалдық бойынша сәйкессіздік анықталды. Микробиологиялық зерттеуге 447 су сынамасы алынып, оның 17-сінен, яғни 3,8 пайызынан сынамадан термотолерантты, жалпы колиформды бактериялар және жалпы микробтық саны бойынша сәйкессіздік көрсетті. Орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінде көктемде, күзде жуу тазалау және дезинфекциялау жұмыстары толығымен жүргізіліп, халық арасында су факторына байланысты аурушаңдық тіркелген жоқ. Мәдениет, Аққұм елді мекендерінде су тарату жүйесін, аулаішілік су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің, Жалағаш кенті «Ақтерек» учаскесіне су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылыстары жүргізіліп, Аққұм ауылында құрылыс аяқталып, іске қосылды, – деді ол.

Ауданның бас санитары былтыр 4505 жедел респираторлы вирусты инфекциясы, 20 дерматофития, туберкулез, 13 нақтыланған жіті ішек инфекциясы, 9 нақтыланған қызылша, 6 энтеробиоз, 5 желшешек, 4 эхинококкоз, 3 тұмау, 2 бруцеллез, риккетсиоздар және 1 жағдайдан гименолепидиоз, лямблиоз, коронавирусты инфекциясы, педикулез, жедел әлсіз сал аурулары тіркелгенін жоққа шығармады. Бірақ 2023 жылы жұқпалы, аса қауіпті жұқпалы және паразиттік аурулардан өлім-жітім жағдайлары орын алмаған.

– Жұқпалы, аса қауіпті жұқпалы және паразиттік аурулардың 2023 жылғы эпидемиялық жағдайы қанағаттанарлық болғанымен, кейбір жұқпалы аурулардың 2022 жылға қарағанда өсу тенденциясы байқалды. Атап айтсақ, ЖРВИ сырқаты 1,8 есеге, қызылша 9, туберкулез 4, эхинококкоз, риккетсиоз, бруцеллез аурулары 2 жағдайға көбейген. 2023 жылы КВИ, ЖІИ, Конго-Қырым геморагиялық қызбасының сырқаттанушылық көрсеткіші төмендесе, сальмонеллез, вирусты гепатит, аскаридоз аурулары мүлдем тіркелген жоқ. Жұқпалы, аса қауіпті жұқпалы және паразиттік аурулардың алғашқы диагнозымен тіркелген барлық ошақтар, олармен байланыста болғандар және қоршаған ортаға зертханалық сынамалар алумен эпидемиологиялық тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, аурудың әрі қарай таралуын болдырмау мақсатында эпидемияға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар ведомствааралық іс-шаралар қолға алынып, әрбір инфекциялық ауруларды бақылауға алуға бағытталған шаралар қабылданды, – деді басқарма басшысы.

Брифингте Г.Айымбетова вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында ҚР жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егу шараларын жүргізу күнтізбесіне сәйкес жоспарлы егулер 2023 жылы 103 пайызға орындалғанын айтты. Сондай-ақ былтыр перзентханада 446 бала дүниеге келген. Туу көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 1,1 есеге азайған. Перзентханада туған нәрестелердің 97,9 пайызы ВГВ, 97,7 пайызы БЦЖ-ның алғашқы екпесімен қамтылған. Перзентханадағы алғашқы екпелерін алмаған 6 бала ВГВ, 12 бала БЦЖ екпесімен аймақтарда егілген.

Ауданның бас санитары БАҚ өкілдерінің жұқпалы аурулардан сақтануға қатысты сауалын да жауапсыз қалдырмады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Айтпайын десең...

9 мыңға жуық бала шекара асқан

«Тасбауыр әке», «безбүйрек ана» туа салысымен ата-ана мейірімін көрмей, тіріжетім атанған жазықсыз сәби – бүгінгі күні қоғамдағы өзекті мәселе. Себебі тастанды сәбиді қажет етпеген тасбауыр қоғамда дүниеге келген қазақ балаларын Батыс Еуропа, АҚШ-тың азаматтары қамқорлығына алған. Ресми ақпараттарға сүйенсек, елімізде 9 мыңға жуық бала шекара асқан.

1999 жылы халықаралық Гаага конвенциясына қосылған соң Қазақстан жетім балаларды шетелдіктердің асырауына бере бастаған. Балалар құқығын қорғау комитетінің мәліметі бойынша 1999-2012 жылдары аралығында 8 806 бала өзге мемлекеттерге берілген. Ал 2013-2019 жылдары 157 бала шекара асқан. Жалпы алғанда, 20 жыл ішінде 8 963 бала шетелдік отбасыларға берілген.

2013 жылдан бастап бала асырап алу неге азайған дерсіз. 2012 жылы «Неке және отбасы туралы» кодексі күшіне енгеннен бастап Қазақстанда бала асырап алу тәртібі өзгеріп, тек аккредитациядан өткен агенттіктер арқылы жүзеге асатын болған. Сол себепті 1999-2012 жылдары аралығында шетелге кеткен бала саны көп болды. Ал 2013-2019 жылдары Белгия, Испания, Канада, Францияға 158 қазақ баласы асырауға берілген. Жалпы 17 жыл ішінде әлемнің 30 елінің тұрғындары Қазақстаннан бала асырап алған.

Журналист Жанар Байсемізова жүргізген «Жібекжолы» арнасындағы «Шетелдегі қазақ балалары» бағдарламасын кез келген қазақ тебіреніп тамашалайтын. Себебі онда ата-анасын тауып, қауышқысы келетіндер көп. Бүгінде ес кіріп, тегін танығысы келетін тастанды балалар туған жеріне аяқ басуда.

Қазақстан жетімдерді 50 мың долларға сатты. 2000 жылдары қазақ баласын асырап алған шетелдік ата-аналар лауазымды тұлғаларға осынша ақша берген. «Шетелдегі қазақ балалары» бағдарламасының авторы, журналист Жанар Байсемізова Abai Live ютуб арнасына берген сұхбатында осындай тың ақпаратпен бөліскен болатын.

– Оншақты отбасы келіп Тараздан әрқайсысы 50 мың доллар беріп, балаларды алып кеткен. Бұл салада жемқорлықтың барын ешкім жоққа шығара алмайды. Бір американдық ата-ананың өз аузынан біздің жақтың ақша талап еткендерін естідім. Маған елшілердің өздері де айтады. Кезінде талай жемқорлық болды ғой бұл салада. Сен білесің ғой бұл туралы деп. Бірақ өздері камераға айтпайды, – дейді журналист Жанар Байсемізова.

Иә, оның айтуынша, сол кезеңде бала саудасы қызу жүрген. Тіпті жаңа туған сәбилерді ата-анасына өлді деп, тірі жетім қылғандар да бар. Сондай қылмыстың құрбаны болған 25 жастағы Гүлмира есімді ару былтыр туған анасымен қауышқан. Осы оқиғадан кейін 2000 жылдары босанған көптеген әйелдің басынан тура осындай жағдай өтіп, баласынан айырылғандығы жөнінде журналистке хат жолдаған.

Өздеріңіз білетіндей, былтыр желтоқсан айында өзінің туған жеріне келіп, анасын іздеген қазақ баласы Жәнібек Жұмағұлов яғни Әдди Жан Савельевте осындай шым-шытырық оқиғаның құрбаны. Ол 2002 жылы Арқалықта дүниеге келген. 2004 жылы ондағы жетімдер үйінен оны бельгиялық Ирина Савельева асырап алған. Қазіргі таңда жалғызбасты анасымен бірге Испанияның Мальорка қаласында тұратын ол биологиялық анасын іздеп, таба алмай жүр. Ол туған әкешешемнен түк те керек емес, тек анамның жүзін бір рет көріп, мауқын басса, жүрегі тынышталатынын айтқан болатын. Алайда ұзақ уақыт тынымсыз жүргізілген ізденіс өкінішке орай сәтсіз аяқталып, виза мерзімі бітуіне байланысты ол өз анасын таппаған күйі Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. Айта кетейік, 2000-2004 жылдары Арқалықтағы жетімдер үйінен Жәнібекпен қатар 80 бала шетел асқан.

Жәнібек Жұмағұловтың Қазақстандағы ресми өкілі Қымбат Досжанның айтуынша, асырап алған адам Арқалыққа келгеннен кейін бір кісіге қомақты қаржы бергенін айтқан. Ол мәліметтерді ескере отырып, сараптама және зерттеу қорытындыларын негізге алып, Арқалық қалалық полиция басқармасында қозғалып, кейін тоқтатылған істі тек қана «Салғырттық» бабы бойынша емес, кәмелетке толмағандар саудасы бойынша қайта қозғалуын сұрап, еліміздің бас прокурорына хат жолдаған.

Бұл жәйт қоғамдық үлкен резонанс тудырып, қызу талқыға түскен. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі Үкімет басшысы мен Бас Прокурорға жолдаған депутаттық сауалында 1999 жылға дейін шетелге есепсіз кеткен балалар туралы зерттеу жүргізуді, санда бар, санатта жоқ балалар туралы деректерді жаңалауды ұсынған. Мұнан бөлек шетел асқан балаларды тегінен ажырамас үшін түрлі үйірмелер арқылы қолдау көрсету қажеттігін айтып, ата-аналарын табуға көмектесу керектігін де жеткізді. Сондай-ақ кәмелет жасына толған балалар қалаған жағдайда ҚР азаматтығын ала білулері үшін таңдауына көмектесуді де тілге тиек еткен болатын.

Депутат 2010 жылы үкімет тарапынан шетел асқан балаларды қорғау мақсатында арнайы конвенция қабылданғанын айтты. Бала құқықтарын қорғау саласындағы өкілетті орган болып саналатын оқу-ағарту министрлігінің мәліметінде конвенцияға қол қойғаннан бері шетелдік азаматтар 158 баланы асырап алғандығы айтылған. Оның ішінде 2013-2019 жылдары 157 бала шетел асса, соңғы 4 жылда 1 бала сыртқа шыққан.

– Көрсеткіштің күрт төмендегені қуантады. Алайда конвенцияға қол қойғанға дейін 1999-2011 жылдары аралығында шетелдіктер 8805 баланы асырап алған. Олардың 5217-сі қазір кәмелеттік жасқа толуына байланысты есептен шығарылған. Кәмелетке толмаған 3588 бала туралы есеп алынып тұрады. Өкінішке қарай есеп бермейтіндер де жоқ емес. Мәселен, Оңтүстік Африка еліне кеткен 30 баладан хабар-ошар жоқ. Сол сияқты АҚШ-тағы 104, Бельгиядағы 113 баланың, тағы сондай талай баланың тағдыры туралы білмейміз. Ең сорақысы, 1999 жылға дейін елімізден қанша жетім баланың шетелге кеткені туралы мүлдем мәлімет жоқ. Шетел асқан балалардың 5 217-сі қазір кәмелетке толған. Олар да біртіндеп туғандарын іздеп, елге оралары анық. Енді әрқайсысының туғандарын іздеуге көмектесуді де мемлекет жауапкершілігіне алу керек, – деді депутат Дархан Қыдырәлі.

Бір қуантарлығы, соңғы жылдары Қазақстанда балалар үйі мен ондағы тәрбиеленушілері саны азайған. Жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылатпаған ел екеніміз есімізден шықпаса, оң өзгеріс болары сөзсіз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Мәселе

Қараусыз итті қорғаймыз ба, қорғанамыз ба?

Әлеуметтік желіде аудан тұрғындарынан көшедегі бос, тентіреп, иесіз жүрген иттердің көптігі жайында парақшамызға шағым түсті. Бұл жайында бірнеше рет мәселе қозғаған тұрғындар балаларын көшеге жалғыз жіберу түгілі, тіпті өздерінің де қорқып, еркін жүре алмайтынын айтады. Көптің көкейінде жүрген осы мәселені бүгінгі мақаламызға арқау ету үшін жауапты сала қызметкерлерімен де байланысқа шықтық.

Жуырда өзім де осы мәселемен кезіккенім бар. Қыс мезгілі болған соң күн ерте батып, дала әпсәтте қараңғы болады. Жұмыстан кеш шығып, үйге беттегенім сол еді, алдымнан тым құрығанда кішкентай күшік емес, үлкен иттердің олай-былай жүгіріп, топ болып жүргенінен қорқып кеттім. Оған қоса мен келе жатқан Темірбек Жүргенов көшесіне әлі жарық орнатылмаған. Қараңғы болғаны былай тұрсын, енді сол қараңғы көшеде иттердің топырлаған кезбесінен ойыма тек «Қалай қарай қашамын?» деген сауалдан басқа түк келмеді. Бұл көріністен мен ғана емес, кез келген адам дәл осылай қорқып кетері анық. Сонда ойлағаным, иттер жарайды, санасы жоқ, ойлана алмас. Ал егелері ше, өздері де осындай жағдайға тап болса не істемек? Ал бұл мәселені шешуде аудандық ветеринария мамандары қандай шаралар қолданып жатыр екен?

Көптен бері алаңдатып жүрген ойға осы бір оқиға себеп болды. Өйткені біздің ауданда осындай аш жүрген иттерді кез келген көшеден кездестіре аласыз. Кезбе иттер көбіне азық іздеп, күл-қоқыстың арасында жүреді. Сондай-ақ адамдар көп шоғырланатын жерге әуес келеді екен. Таңертеңгілік оларды аялдамада, орталық базар маңынан көптеп кездестіруге болады. Жергілікті тұрғындар ішінен балаларының өміріне қауіптенетіндері де аз емес. Өйткені топ-тобымен жүрген иттер кез келген уақытта балаларға шабуыл жасауы мүмкін. Бұлай деуімізге себеп те жоқ емес.

– Жұмыстан көбіне жаяу барып, жаяу қайтамын. Кейде шаруалар шығып, орталықта ұзақ айналып қаламын. Сол кезде орталық алаң, стадион, кез келген жерден өте бергенде жинала қаумалап жүрген иттерді көресің. Анау-мынау иттер емес, пародист иттер бәрі. Ана жерден адам жүре алмайды. Мектепке баратын үйдегі балалардың жайын ойлаймыз. Одан бөлек орталықтың бәрін қоқыстарды ары-бері тасып бүлдіріп те кеткен. Бұларға бір шара қолданбасқа болмас, – дейді кент тұрғыны Гүлнұр Мұқашова.

Иә, қаңғырған иттің адамға өте қауіпті екені даусыз. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандарының айтуынша, былтыр 71 адам әртүрлі жануарлардың тістеуі, тырнау, сілекейленуінен зардап шегіп, медициналық көмекке жүгінген. Жарақат алғандардың тең жартысы 14 жасқа дейінгі балалар, яғни мектеп оқушылары. Тұрғындардың балаларын мектепке жіберуге қорқатынындай бар.

Адам денсаулығы мен амандығы бәрінен қымбат. Ал тұрғындардың ойында жүрген басты мәселелерінің бірі болған қаңғыбас иттердің санын азайтуда қандай шаралар қолданылып жатқанын біліу үшін аудандық ветеринариялық станциясы ШЖҚ КМК мекемесіне хабарластық. Мамандардың айтуынша, мәселенің бірден-бір шешімі – егесіз жүрген ит-мысықтардың көзін жою. Бірақ заң бойынша тыйым салынғандықтан ешқандай шара қолданылмай отыр. Алдағы жылдарда заңға өзгеріс енгізіліп, осы шараны қайта қолға алуы мүмкін екенін айтады.

Иә, 2022 жылы «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» жаңа заң күшіне енгелі көшедегі қараусыз, иесіз жүрген иттер де тыйылмай тұр. Заң бойынша жұмыс атқарайын десе, арнайы бөлінген қаражат жоқ, қаражат бөлейін десе, «жануарлардың мәртебесін көтеремін деп, адам өміріне салғырт қарап жатыр» деген халықтың шағымы тағы бар. Біз қатігез халық емеспіз, бірақ өзгелер секілді жануарлармен бір үйде, бір жерден ауқаттанып өмір сүрмегенбіз, мұндай менталитет бізден емес.

Не болса да аштықтан адамға анталаған бұралқы иттерден төнетін қауіп-қатерге тоқтау болмай тұр. Ел ішіндегі жиі орын алып жатқан ит қабу дерегіне қатысты тіркелген ақпараттарды айтқанымызбен шарасы жоқтығын білдік. Мәселеге шолу жасап, ұсынысымызды да білдірдік, енді ақырын күткеннен басқа амал таппай тұрмыз. Ал жаңа заңдағы өзгеріс пайда берді дегеннен, мәселені ушықтырды деген дұрысырақ. Өйткені жануарлардың мәртебесін көтеремін деп, адам өміріне салғырт қарау бұл заңның шикі тұстары көп екенінен хабар беріп тұрғандай.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

2024 жылы I тоқсандағы Аламесек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажибаев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі-жұма 10.00-ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы К.Әбішов көшесі №26 үй	8(724-31)34-3-03

Тарих

«Қазақ» газеті және ұлт зиялылары

XX ғасыр басында қазақтың ұлттық рухын көтерген «Қазақ» газетін зиялы қауым өкілдерінің топ бастаушысы, ұлттың ұлттығын сақтауда бар күшін салған ұлт ұстазы, күрескер ақын, қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының империялық биліктің қысаң саясатына қарамастан шығарып, қазақ ұлт интеллигенциясымен бірге өткір мәселелерді көтеріп, қаншама қиыншылық көрсе де, басылымды шашауын шығармай шығарып отыруы ерлік іспеттес.



Ахмет Байтұрсынұлы бес жылдай өмірін осы «Қазаққа» қиды. Газеттің мазмұнды болуына ерекше мән берді. Қазақ халқы үшін сол кездерде құлағы, үні, тілі болып, айналасына ұлт болашағын ойлаған қазақ азаматтарын біріктіре білген «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығаруға 1913 жылдың 5 қаңтарында Орынбор генерал-губернаторының рұқсатын алды. Газеттің алғашқы нөмірі сол жылы 2 ақпанда Орынбордағы Кәрімов, Хусайыновтар баспаханасында басылып шықты. Газеттің бір жыл болуына орай жарияланған «2-інші феурал» деген бас мақалада тәуекел деп газет шығаруды бастағанда небәрі 750 сом ғана қаражат болғаның, жабылуға шақ қалғанда жұрт болып жабылып көтермелеп, басылымның жабылып қалмауына жәрдем бергенін, одан әрі халық игілігіне қызмет етуге жол ашқандығын айта келе: «Жұрт азаматтарының бір сыпырасы пұл жағынан, бір сыпырасы қаламмен білім жағынан, бір сыпырасы екі жағынан да жәрдем етті» деп «Қазақ» атынан алғыс білдірген.

Басылымда алғашқы санынан бастап аса маңызды деген қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелері көтеріліп, соның төңірегінде пікірталастар туындаттырып отырды. «Қазақ» алғашқы санында алдағы уақытта «Құрметті оқушылар!» деп аталған мақаласында, біріншіден, оқырмандарын дүниеде болып жатқан істермен, айтылып жатқан сөздермен таныстыруға, екіншіден, басылымға әлеумет басына қызмет еткен білімді, пікірлі көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары басшылық жасап тұратындығын, үшіншіден, бұл басылымның халыққа білім таратушы, төртіншіден, халықтың даушысы бола алатындығын сеніммен жеткізді. Сөйтіп қазақтың әрбір халінен хабар беріп, құлақтандырып отыруды өзінің міндетіне алды. Газеттің не үшін «Қазақ» деп аталуының мәнісін «аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты» деп түсіндіре, басылымның ұлт үшін қызмет ететінін жеткізе, бірлесе қызмет етуге шақырған еді.

«Қазақ» газетін ұлттық деңгейге көтеріп, ел жанашыры болған, оның тоқтаусыз 1913-1918 жылдары аралығында жарық көруіне, оның тартымды да маңызды болуына қыруар еңбек еткен Ахметтей адамдар дүниеге бір рет қана келері сөзсіз. Ахаң ұйымдастырған «Қазақтың» біз білетін 266 саны жарық көріпті. Алғашқы жылдары «Қазақтың» 44 (1-44) нөмірі, 1914 жылы 47 (45-92), ал 1915 жылы 70 (93-163), 1916 жылы 57 (164-211), 1917 жылы 69 (212-257), 1918 жылы 8, (258-266) нөмірі шыққан. Газетке жазылу бағасы бір жылға 3 сом, жарты жылға 1 сом 45 тиын, үш айға 1 сом, жеке сатылуы 5 тиын болды. Бастапқыда газеттің төрт нөмірі «Қазақ» деген жазумен шықса, бесінші санынан бастап киіз үйдің суреті салынып, оның етегіне «Қазақ» деп айшықталып жазылып, 4 бет басылып, аптасына бір рет, 14 түрлі бағдарламамен шығуды көздеді.

Қиын-қыстау уақытта «Қазақтай» басылымды 1913 жылдан бастап 1917 жылдың қыркүйегіне дейін Ахмет Байтұрсынұлы абыроймен атқара білді. «Қазақ» бетінде сыни, өткір мақалаларды жариялағаны үшін оған ақшалай айыппұл салынды. 1928 жылы жазған өмірбаянында Ахмет Байтұрсынұлы: «1913 жылы «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырдым, оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым, сондай-ақ Қарқаралы станциялық приставының пошта абыройын төгетін мағлұматтарды баспасөзге шығарды деп айыптауына байланысты ісім сотқа берілді. 1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім», – деп жазады. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына орай жарияланған өмірбаяндық очеркінде Міржақып Дулатов оның «Қазақ» газетін шығарудағы ерекше еңбегін бағалай отырып, газет өзінің өмір сүрген жылдары елдегі келеңсіз жәйттерді, парақорлықты, алаяқты айқын сынға алғаны үшін бірнеше рет патша әкімшілігі тарапынан салынған айыппұлды төлеуге мәжбүр болғанын келтірген болатын. Сөйтіп «Қазақ» патша әкімшілігінің қатаң бақылауына ілігіп, әрбір жарияланған мақалалар жіті тексерілді.

«Қазақтың» халық үшін атқарар ұлттық маңыздылығын көре білген Ахметтің қасында Әлихандай ақылшы, демеушісі, Міржақыптай серігі болды. Ол газеттің шығуына қыруар күш жұмсады. Ахмет Байтұрсынұлымен бірге басылым бетіне сыни мақалаларды батыл түрде жариялап отырды.

«Қазақтың» шығуына оның бастырушысы болған Мұстафа Оразаев көп еңбек сіңірген. Бұхара қаласындағы діни медреседе, Уфадағы «Ғалия» медресесінен білім алған Мұстафа «Қазақ» газетін шығару ісінде ұйымдастырушылардың бірі болса, әкесі Ахмет ишан газетті шығаруға қаржылай көмек көрсетіп, оқу-ағарту ісіне арнап мақала жариялаған. Сөйтіп газет бірінші санынан 46 санына дейін Мұстафа Оразаевтың қаражатымен шығып тұрса, ал 47 нөмірінен бастап газеттің басылуын «Азамат» серіктігі қолына алған. «Азамат» серіктігінің құрылуының себебін редакторлар Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов «Қазақтың» 1913 жылы 15 желтоқсандағы 42 санына жариялаған «Алаш азаматтарына» деген мақалаларында газет шығаруда қаражат мәселесінің қиындық туғызып тұрғандығынан, осы серіктікті құрып, соған Алаш азаматтарымен серіктесіп, оны шығаруға бет алып отырғандығынан дейді.

Серіктестіктің басты мақсаты «Қазақ» газетін аяғынан нық бастырту болып, оған мүше болып кіретіндер 100 сом жарна төлеуге тиістіленді. Жұрт арасында алыпқашты сөздер туындамас үшін серіктестік жарна төлеудің мәнісін «ақша өсіріп, серіктестерді байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы, ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш, қуат болуға қаражат нәрсе мағынасында қарастырылады» деп түсіндіріп, оған кіретін адамдарды жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілімен, ниетімен серіктес болуға шақырған.

«Қазақтың» жарық көруін қазақ халқы үлкен қуанышпен қарсы алды және қаржылай тапшылық көрген кездерде қол ұштарын беруге әзір болды. Газет қаражатпен көмек бергендерді газетке жариялап, жәрдем бергендері үшін алғыс білдіріп отырды. Жалпы «Қазақтың» жарық көруіне елдің игі жақсы адамдары мен байлары, оқу орындарында оқыған студенттер мен оқушылары қаржылай көмек көрсеткен.

«Қазақ» газеті – бұл қазақ халқының тұңғыш, төл энциклопедиясы. «Қазақ» бірінші орында ұлт мәселесін көтерді. Ұлттық езгідегі жатқан қазақтың ұйқысынан оянып, алдыңғы қатарлы елге айналуына, білімді, мәдениетті халықтардың қатарына көтеруге, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына күш салды. Кейін кеңестік жүйе тарапынан қатаң сынға ұшырап, «ұлтшылдықты» насихаттаудың бастауы осы органнан бастау алды деген тұжырымға ие болды. Әсіресе жалған жаламен жазаға ұшыраған қазақ зиялыларын айыптау барысында олардың ұлтшылдықтарын осы газетке жариялаған мақалалары мен осы газетті шығарудағы қызметтерімен дәлелденді.

Газет беттерінен бірінші жаһандық соғыс кезінен бастап, Ресей империясы мен шет мемлекеттер арасында болып жатқан саяси оқиғалары жайында, Балқан соғысы, бірінші империалистік соғыстың басталуы мен оның барысы, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар, соғыс техникасы мен қару-жарақтар, Қытай елінің өз тәуелсіздігін қорғау үшін күрес барысы және дүниежүзілік империалистік соғыстың Қазақстанға тигізген әсері жөнінде мәлімет ала аласыз.

«Қазақ» 1916 жылғы дүрбелең, бұратана атанған халықтарды тылға қара жұмысқа алу турасындағы патша Жарлығына қатысты туындаған жағдайды, ұлт зиялыларының осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлерді талдауға алған бірден-бір басылым. Тыл жұмысындағы қазақтардың ауыр жағдайын көтеріп, дабыл қаққан да осы «Қазақ» болатын.

«Қазақ» газетінің ұлт демократиялық зиялыларының нағыз басылымына айналуы 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін өрістеді. Төңкеріс барысындағы Ресейдің ішкі саяси жағдайына сараптама берген де, қазаққа жол, жөн сілтеген де, патша үкіметі құлағаннан кейін ұлт зиялыларының органына айналып, елдегі саяси жағдай, демократиялық өзгерістердің жүргізілу барысы жайында мағлұматтар жариялап, Ақпан революциясының нәтижесінде құрылған Уақытша үкіметті қолдауға, Құрылтай жиналысына әзірлік жұмыстарын жүргізуге шақырған да осы басылым.

«Қазақ» газеті – «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің үні болды. Алаш қозғалысының әрбір қадамын айнаға басқандай тізіп, аласапыран тұста адаса бастаған қазаққа бағыт берді. «Алаш» партиясының бағдарламасы, оның саяси қызмет барысы туралы, ұлт зиялыларының идеологиялық-демократиялық ой-пікірлері басылды. Бұл басылымдарда жарияланған материалдардың деректік құндылығын соңғы жылдарда жазылған ғылыми жұмыстар дәлелдеп отыр. «Қазақ» арқылы Алаш тарихына байланысты кем-кетігіміз толықтырылды. Газеттен 1917 жылғы қос төңкеріс тұсындағы қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін, саяси жағдайларды, Алаш қозғалысының мүшелерінің қоғамдық-саяси қызметі туралы тың мәліметтер таба аласыз. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын, оның ішінде ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен сауда мәселесі, ел мәдениеті, әдебиеті, тарих мен этнографиясы да басылымға арқау болған.

Қазақ елі газеттің қараңғыда жүрген халықты жарық сәулеге қарай сүйреуін, оған барлық қырғыз-қазақтар қолдау көрсететіндігіне сенім артуын Ахмет толықтай орындады. Ондағы мәліметтер қаншама ғылыми зерттеулерге, еңбектерге арқау болды.

Бұл газет жаңа өріс алған азаттық күрестің ұйытқысы бола білді. Газет айналасына топтасқан зиялы қауым өкілдерінің шыңдалып, саяси күреске шығуына ұлтқа рух берген М.Шоқай, М.Тынышбаев, Р.Мәрсеков, М.Жұмабаев, Х.Ғаббасов, Ғ.Қараш, Ж.Жәнібеков, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Ж.Ақпаев, Х.Досмұхамедұлы сияқты зиялылары мен қазақтың игі жақсы азаматтары топтасып, жол сілтеуші, дем беруші болды.

«Қазақ» шынайы жалпыұлттық саси-қоғамдық газет болып, қазақ өміріне қатысты мәселелерге ой жіберіп, ұстанған бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды. Жалпыұлттық мүдделер үшін қызмет етуге әр уақыт даяр екендігін, ол үшін әлеуметтік күштерді біріктіру арқылы ұлттық бостандық пен тәуелсіздікке жетуге болатындығын насихаттады. Сонымен қатар басылым саясі-әлеуметтік іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді.

Елде большевиктік жүйе орнатылғаннан кейін қабылданған әкімшіл-саяси Ережелер мен қаулы-қарарлар өзгерістер әкелгенімен, баспасөз саласы сол қалпында қалып, тек бұрындары шығып отырған газеттер ендігі жерде большевиктік басылымдарға айналып, атауын ғана өзгерткенмен, оның құрамындағы қызметкерлері бұрынғысынша қалыппен жұмыс істеп, қажет деп тапқан материалдарын жариялаумен болды.

«Қазақ» газеті мен оның айналасына топтасқан ұлт зиялылары газет жабылғаннан кейін де өздерінің алға қойған ұлттық мүдделерін басқа баспасөз басылымдарымен де жеткізе білді.

«Қазақ» газетінің ұлтшылдық пиғылды ұстанғандығы отызыншы жылдары ұлт зиялыларын баспасөз барысы арқылы құдалауда көрінді. Газет алашордашылардың идеясын кең насихаттаған құралының бірі делініп, оның айналасына топталған ұлт зиялыларына «Кеңес өкіметі тұсында кезінде газет арқылы ұстанған бағыттарын одан әрі өрістетіп, жаңа социалистік жүйенің қалыптасуына кедергі жасады» деген негізсіз айыптар тағылды. Сөйтіп патша үкіметі кезінде сынға алынған, бірнеше айып тағылған «Қазақ» газетін, кеңестік жүйе тұсында да нағыз ұлтшылдық пиғылды ұстанған басылым ретінде бағаланды.

Сөзімізді түйіндей келе, Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, басшылық жасаған «Қазақ» газеті өзінің беттерінде қоғамдық мәселелерді көтеріп, оның шешімін табуға тырысқандығы, еліміздің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрес тәсілдерін басылым арқылы көтере білуі XX ғасыр басындағы ірі жемісі дер едік.

Светлана СМАҒҰЛОВА,
тарих ғылымдарының докторы

Ұлттық басылым күні қарсаңында бұған дейін аудандық газетпен шығармашылық байланыста болған ардагер ағамыз Сәндібек Күмісбайұлынан арнайы хат келді. Өз хатында қарымды қаламгер, ақын Сәндібек ағамыз газетіміздің 90 жылдық мерейтойына арнауын жолдапты. Тағылымға толы толғауды оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.

Төл басылым тоқсанда

Төл басылым тоқсанда,
Құтты болсын, Жалағаш!
Ол – ауданның айнасы,
Жырламасам жарамас.
Редакторы бірінші,
Жарылқасын Сахиды,
Дейсің кімдер танымас?.

Содан бері газетте,
Қанша ер еңбек етті ғой,
Жамандыққа жаны қас.
Содан бері мінекей,
Қаншама аға кеп кетті?
Өлшеулі өмір осы ғой,
Газетіме тер төкті.

Мақалада мәні бар,
Кескін, келбет сәні бар,
Парақтасақ тарихты,
Көне көші тағы бар.
Тағылымды еңбектер,
Өнегесі тағы бар,
Мен осындай газетті,
Іздеп жүріп оқимын,
Сенсеңіздер жер-көкті.

Торқалы тойың ауданға,
Құтты болсын басылым!
Не бір қилы замандар,
Небір мықты адамдар,
Орын тапты әр бетіңнен,
Бәрін танып білгенмін,
Мен бүгінде осының.
Бес мәрте өзгерді атың да,
Демеймін бірақ жасыдым.
Тілшілерің еңбек жазды,
Әр сөздің теріп асылын.
Мен де бүгін шабытпен,
Санасып осы халықпен,
Мерейтойға жыр арнап,
Шешіліп бір тасыдым.

Туған жерім Жалағаш,
Төл басылым Жалағаш.
Қадірің егер болмаса,
Оқырманың көбейіп,
Қазіргідей тарамас.
Бұл – «Жалағаш жаршысы»,
Тарихы бар жүз жылдай,
Өрлеп келеді ылдилай,
Газетімнің тойында,
Мен отырсам тосылып,
Онда жұртым, жарамас.

Саналы сөздің жүйесі,
Біліп жүрсін киесін.
Сөз арнаған бұл қартың,
Білсін жастар иесін.
Жүйелі қазір жалпы ісі,
Оң баға берген бар кісі.
Тоқсанға келді бүгінде,
Көтерер ауыр жүгін де,
Талай дүние оқимыз,
Бағдаршам болған бүгінде,
Бұл – «Жалағаш жаршысы».

Сені оқып газетім,
Көтерілді көңілім.
Бұл ауданның тарихы,
Сенің тұтас өмірің.
Торқалы той тағы бар,
Абырой, бедел, бәрі бар.
Бәрін айт та бірін айт,
Құтты болсын бүгінгі,
Он мыңыншы нөмірің,
Он мыңыншы нөмірім.

Сәндібек Күмісбайұлы

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2024 жылы 19 ақпанда сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде :

1. «Серіктестіктің балансындағы автокөлікті баланстан шығарып сату және жаңадан автокөлік алу туралы.
2. «Серіктестіктің несие желісін қамтамасыз ету үшін серіктестіктің жылжымалы мүлкін несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2024 жылдың I жартыжылдығына басқарма басшысының азаматтарды жеке қабылдау кестесі

№	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдау жүргізетін басшының лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Қызмет телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Байгазиев Руслан Жаксылыкович	Басқарма басшысы	Сейсенбі Сағат 09:00-17:00	Желтоқсан көшесі №32	31-2-88

Таным

Жүректен өшпеген Жамбыл жыры

«Жетінші» арнада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ленинград туралы «Ладога көлі – өмір жолы» «Құрсаудың қирауы» – «Прорыв блокады» деген деректі көрініс негізінде түсірілген көркем фильм көрсетілген болатын.

Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында әлі жеңіліс дәмін татпаған, саны мен сапасы жағынан басым жаудың солтүстік тобы 750 мың әскер мен офицерін құрамында артиллерия, авиация танкі құрамалары бар 40 дивизиямен қаланы және шекаралы аудандарды қоршауға алды. Қаланы үлкен жермен бөліп, халқын аштық пен жалаңаштыққа ұшыратып, Кеңес одағына моральдық-рухани соққы бермекші болды. Қала адам төзгісіз қиын жағдайда өмір сүріп, жеңіске деген құштарлықпен қорғанып өмір сүрді. Блокада жылдарында фашистер қаланы 250 мың авиабомбамен, снарядтармен атқылап қиратқан. Осының салдарынан қаланың тіршілік көзі мен коммуникациялық орындары істен шығып, аштық пен ауру жайлағанын тарихтан білеміз.

Қала Ленинград майданын қаһарман жауынгерлерімен Қызылтулы Балтық флотының жанкешті теңіз әскерлерінің күшімен қорғалып, Ладога көлінің өмір жолымен үлкен жермен байланысы үзілмеген. Осы жолмен блокада жылдарында 310 мың Кеңес жауынгері шығарылған. Қаланы қорғаудағы Ленинград майданының жауынгерлеріне ленинградтықтар халықтық 10 дивизия, 16 батальон, 7 партизан полкі мен бірнеше жау тылында қимыл жасайтын полктер мен топтардан көмек берген. Қала тұрғындары жаудың нөсер бомбасы мен артиллерия атыстарының астында жүріп, қираған өндіріс орындарын жөндеп, 2 мың танкі мен 1,5 мың ұшақты, мыңдаған атыс құралын, әскери кемелерді жөндеп, майданға жөнелтіп отырған.

Ленинградты қорғаушы әскердің қатарында мыңдаған қазақстандық бар еді. 1944 жылдың 27 қаңтарында Қызыл әскердің екпінді күшінен Ленинград қаласы жау құрсауынан азат етілді. Биыл осы жеңіске жетпіс бес жыл толып отыр. Ленинградты қорғауда құрбан болған мыңдаған қазақ жауынгері Неваның сызды да батпақты ормандары мен көлдерінің астында мәңгілік жайда жатқанын бүгінгі ұрпақ білуге тиіс.

Ленинград құрсауының зардаптары, қираған ғимараттар мен үйлер сол күйінде Нева, Лиговской, Лес даңғылдарында Васильев аралы аудандарында сақталған. Сондай-ақ «Азаматтар! Бұл көшелерде артиллерия атысынан сақ болыңдар!» деген жазу сол күйінде тұр. Мұның бәрін мен тәптіштеп жазып отырғаным, осы қаһарман қалада екі ай болып, дүние жүзіне соғыста да бейбіт еңбекте де аты мен тарихы әйгілі болған, қаланы өз көзіммен көріп, тарихи орындарын аралап, санамда қалған әсерлерімді оқырманға хабардар ету еді.

Осы мақаланы жазуыма түрткі болған жәйтті айта кеткенді жөн көрдім. Мен өткен ғасырдың сексенінші, тоқсаныншы жылдары аудандағы кәсіптік-техникалық училищенің директоры болдым. Ол кездер Кеңес одағы әлемді аузына қаратқан күш-қуаты мықты, экономикасы дамыған социалистік қоғамның көшбасшы елі болатын. Кәсіптік-техникалық білім беру саласының басшы кадрларының білімін жетілдіру институты жалғыз Ленинград қаласында еді. Оқу орнының ауласы ат шаптырымдай Лиговский даңғылының бойындағы ғимаратта екен. Институттың екі бөлімінде бірі Кеңес одағының оқу орындарының басшылары, екіншісінде социалистік елдерден келгендер білімін жетілдіреді екен. Институтта барлық жағдай жасалған. Екі адамға бір бөлме, сабаққа дайындалатын арзандатылған тамақ, қысқаша айтқанда, заман талабына сай жабдықталған.

Ленинградқа алғаш барушылар бірінші «Эрмитажды» аралап көруден бастайды. «Қысқы сарай», «Кунсткамера», «Жеңіс» алаңы, «Ленинградты қорғаушылар» монументі мен тамашалаған жер болды. Осы сапарымда есімде жақсы қалғаны Ленинград қорғаушыларының мұражайы еді. Мұражайда бұрынғы Санкт-Петербургті түрлі шетел басқыншыларынан қорғау ұрыстары, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қорғау, блокада қайғы-қасіреті, қаланың құрсау кезіндегі ерліктері сол қалпында қойылған. Әр секцияда егде тартқан сол мұражайда қызмет атқарып, зейнетке шыққан бақылаушылар бар. Олар мұражайға қойылған дүниелерді баяндаудан жалықпайды. Бәрі де тартымды, тарихи дүниелер. Осылай қызықтап келе жатқанымда алдымнан Жамбыл Жабаевтың өзіміз көріп жүрген суреті көзіме оттай басылды. Екі секцияның бұрышына орналастырылған ақынның үлкен суреті ағаш жақтауға салынған. Ұзақ тұрғаннан ба, сарғайыңқыраған, суреттің астында ақынның өмірбаяны, ол кісі туралы айтылған ақын-жазушылардың сөздері, «Ленинградтық өренім» өлеңі қазақша, орысша жазылып қойылған. Ақынның көзі тірісінде жазушы, әртіс, қайраткерлермен түскен суреттері мен домбырасы, тұтынған заттары қойылған.

Кезінде жергілікті билік айтарлықтай мән берген сияқты. Менің тапжылмай қарап тұрғанымды білді ме, экскурсовод әйел қасыма келіп, қайдан боласың деп сұрады. Мен «Қазақстаннанмын» дедім. «Жамбыл ақынның елінен болдың ғой» деді. Мен де ақын экспонатының жағдайын көріп «Неге толықтырылып жаңартылмаған? Күтімі де мәз емес. Ұлы Отан соғысы жылдарында блокада құрсауында қалған ленинградтықтарды өз баласына теңеп, шыдамдылыққа, қайсарлыққа, жаудан кек алуға шақырған үндеу өлеңі бүкіл Кеңес халқына тарағанын білесіздер» дедім. «Дұрыс айтасың» деді экскурсовод.

Ұлы ақынды, оның Ленинград үшін шайқасып жатқан жауынгерлер мен қала халқын жауды жеңуге үндеген «Ленинградтық өренім» өлеңін мен сияқты құрсауда болған азаматтар жақсы біледі. Біз ұлы ақынның үндеу өлеңіне басымызды иеміз. Барлық қиындықты басымнан өткіздім. Үлкендермен қатар жаралыларды емдеп, зауыттарда жұмыс істедім. Сонда бізге, пионерлерге «Ленинградтық өренім» өлеңін госпитальда, зауыттағы жұмысшыларға мәтінімен қайта-қайта жаттатып оқытатын деді

«Ленинградцы дети мои!
Ленинградцы гордость моя!
Мне бы струи степного ручья
Виден Отблеск Невской струи» деп шырқай жөнелді.

Жамбыл ақынның экспонатына қойылған дүниелер мен күтіміне көңілім толмай, ашу қысып тұрған мен ашуым тарқап, риза кейіппен қолын алған едім.

Рысбай Кәрімұлы,
Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі

Спорт

Аудан құрамасы абырой биігінде

Ауданда спорт саласы өркендеп, спортшыларымыз биік белестерді бағындырып жүргенін көріп жүрміз. Олар мықтылығын дәлелдеп, әлемдік жарыстарда көк байрағымызды желбіретіп, ауданның намысын қорғауда. Облыстық шағын футболдан ұлттық мектеп лигасына ауданнан «Наркескен» спорт клубы футбол командасы қатысып, жүлделі І орын иеленді. Сондай-ақ олар наурызда өтетін республикалық жарысқа жолдама алды.

3 күнге созылған аяқдоп шеберлері арасындағы тартысты бәсекеде 7 командамен кездесу өткізген аудан қыздары бірінші күннен-ақ чемпиондыққа үміткер екенін көрсетіп, алғашқы ойында Сырдария құрамасын 10:0 есебімен тізе бүктірді. Дәл осы дайындықпен келесі күндері де қалған командаларды ойсырата жеңді. Ақтық ойында Арал қыздар құрамасымен бақ сынап, 3:1 есебімен жеңіп, биыл да облыстың чемпионы атанды. Қазіргі таңда қыздарымыз республикалық ойынға қызу дайындық үстінде.

– 2014 жылдан бастап «Наркескен» спорт клубында аға жаттықтырушы қызметіне орналасып, 2016 жылы футболдан қыздар бөлімін аштым. Содан бері қыздар футболы жақсы дамып, облыс көлеміндегі ірі жарыстарда жарқын жеңістерге жетіп жүр. Облыстың үш дүркін чемпионы, үш рет күміс, екі рет қола жүлдегер атанды. Екі футболшы қызымыз «Қайсар» футбол клубында облыс намысын қорғап жүр. Чемпиондыққа жетелеп, қыздардың жүлдегер атануында менен бөлек Рашид Бекарыстанов пен Есмағанбет Ғабдулла да өз үлестерін қосуда. Күнделікті жаттығу мен дайындықтың арқасында үлкен нәтижелер көрсетуде. Жалпы ауданда қыздар футболының дамуына үлес қосқан мектептер ұжымы мен қыздарымыздың ата-аналарына айтар алғысым шексіз, – дейді жаттықтырушы Жаңқожа Сағынбайұлы.

Аудан құрамасы тек чемпион болып қана қоймай, құрамадағы 14 допты қақпаға дәл бағыттаған Альбина Смайл «Үздік шабуылшы», ал Маржан Мейрамбекқызы облыс бойынша «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды. Расымен спортшысы жеңіске жетсе, бапкерінің қуанышында шек болмас. Әрбір футболшының жетістігін мақтана айтып, Жорабек Ұлту мен Болатбек Назымның үлкен футболдан Қызылорда облысының «Қайсар» футбол клубына жолдама алып, қазір облыс намысын қорғап жүргенін және Сайлау Ферузаның Астана футбол клубында ойнап жүргенін де тілге тиек етті.

Футболдан ауданда ұлдар құрамасы да осал емес. Мәселен, республикалық «Былғары доп» жарысының қола жүлдегері, облыстың бірнеше дүркін чемпионы. Құрамадағы Төлепберген Әнуар қазіргі таңда Алматы қаласындағы «Қайрат» футбол академиясында тәлім алуда. Мақсат Әбжами «Қайсар» футбол клубының негізгі құрамында.

Аудан құрамасы алдағы уақытта болатын жарыстар мен жолдастық кездесулерге қызу дайындық үстінде. Осындай қарқынмен олардың арасынан болашақ Месси мен Роналду секілді әлемге әйгілі футболшылар шығатынына сенім мол.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Нарық

Тауарларды таңбалау – қауіпсіздік кепілі

Халықаралық практикаға сәйкес тауарларды таңбалау бірінші кезекте тауарлардың көлеңкелі айналымын төмендетуге бағытталған құралдардың бірі болып табылады. Тауарларды таңбалау тұтынушыларды жалған және контрафактіден қорғап, олардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік береді. Сондай-ақ мемлекет сату тізбегін қадағалап, бизнеске делдалдардың санын азайтуды ұсынып, жосықсыз кәсіпкерлердің үстеме пайда алуына жол бермеуге және тауар құнын реттеуге мүмкіндік алады.

Халықаралық тәжірибе де осы тетікті енгізу тауарлардың өндірістен немесе импортты әкелуден бастап, түпкілікті сатуға және айналымнан шығаруға дейінгі өмірлік циклін қадағалауға ғана емес, сондай-ақ бюджетке салық түсімдерін ұлғайтуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл мәселе жайында Үкіметте жауапты мамандардың қатысуымен кеңірек талқыланды. Нақтырақ айтсақ, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин тауарларды міндетті таңбалау қорытындылары мен пилоттық жобаларды іске асыру барысы жөнінде кеңес өткізді.

Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша 2019 жылы темекі өнімдерін міндетті таңбалау енгізілгеннен кейін темекінің барлық түрі бойынша акциз түсімі 46,8 пайызға, 191,5 млрд теңгеден 2023 жылы 281,1 млрд теңгеге дейін өсіп отыр.

Тауарларды таңбалап, қадағалайтын ақпарат жүйесіне бүгінде темекі өнімдері бойынша 43 284 қатысушы тіркеліп, 4,1 млрд таңбалау коды енгізілді. 2022-2023 жылдары 12 млрд теңгеден астам қаражатқа заңсыз темекі өнімі анықталды.

Аяқ киім өнімдері бойынша ақпарат жүйесіне 3 745 қатысушы тіркеліп, 90,5 млн код енгізілді. Бұл ретте импорттық аяқ киімнен түсетін ҚҚС және кеден бажы 2021 жылы 7,8 млрд теңгені, 2022 жылы 26,4 млрд теңгені (3 еседен астам немесе 338-ге өсті), былтыр 30,7 млрд теңгені құрады (2022 жылға қарай өсім – 16 пайыз). Міндетті таңбалаудың мұндай нәтижелері сауданы көлеңкелі нарықтан шығару динамикасының жақсарып келе жатқанын көрсетеді.

Биыл шілдеден бастап пилоттық жоба аяқталып, дәрі-дәрмектердің 7 124 түрі бөлшек және көтерме саудасы міндетті таңбалауға көшуі тиіс. Әр ауыл мен қалада дәрі-дәрмектерді үздіксіз сатудың әлеуметтік маңызын ескере отырып, Серік Жұманғарин Сауда және интеграция министрлігіне «Қазақтелеком» АҚ және банктермен бірлесе отырып, дәрілік заттарды таңбалаудың бизнес-процесін сынақтан өткізу үшін медициналық мекемелерді, дәріханаларды аралап шығу туралы тапсырма берді. Қазіргі уақытта дәрілік заттар бойынша тауарларды таңбалап, қадағалайтын ақпарат жүйесіне 563 қатысушы тіркеліп, 19 млн таңбалау коды берілген. Сондай-ақ 2024 жылы шілдеден бастап зергерлік бұйымдарды міндетті таңбалау енгізілетін болады. Биыл ақпан айынан бастап сыра сусындары мен мотор майын таңбалап, қадағалау бойынша пилоттық жобалар басталды.

«ЖЖ» ақпарат»

Цифрлық платформа құру ұсынылды

← 1

Үкімет басшысы Astana Hub сонымен қатар әлемнің жетекші компанияларымен бірлесе білім беру курстары мен зерттеу орталықтарын іске қосып, ірі технологиялық алпауыттардың серіктесі болғанын еске салды. Ол әлемнің әртүрлі бөліктерінде ұқсас экожүйелердің жаһандық серіктестер желісінің болуы маңызды деп есептейді.

– Біз былтыр Кремний алқабында IT-хабын іске қостық. Бұл біздің экспорттаушыларымызға жаңа технологиялар мен капиталға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, әлемдік IT нарығына шығуға мүмкіндік берді. Мұндай жұмыстар Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс пен Еуропаны қоса алғанда басқа аймақтарда да жүргізіліп отыр, – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының пікірінше, құзыретті және білікті кадрлардың болуы да маңызды мәселе. Бұл міндетті іске асыру үшін Қазақстанда жастарға қысқа мерзімде IT-мамандықтарды игеруге мүмкіндік беретін «ТехОрда» бағдарламасы іске қосылды. Нәтижесінде 6 мыңнан астам адам IT білім алып, салада жұмыс істей бастады, тағы бірнеше есеге артқан.

Премьер-Министр өнеркәсіп саласында жаңа технологияларды қолдану мәселесіне де тоқталды.

– «Икс» индустриясын дамытудың маңызды құралы жер қойнауын пайдаланушылар табысының 1 пайызын ғылыми-зерттеу әзірлемелеріне бөлу болды. Бір мысал – жасанды интеллект көмегімен кеннен алтын алу процесін оңтайландыру жобасы. Мұндай әзірлемелер өндірістік процестерді оңтайландыруға және олардың тиімділігін арттыруға мультипликативтік әсер етеді, – деді ол.

Әлихан Смайылов атап өткендей, Қазақстанның коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында былтыр «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы қабылданған. 2027 жылға қарай интернеттің таралуы 100 пайызға жетеді деп күтілуде. Осылайша ауылдық елді мекендерді сапалы байланыспен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар биыл шалғайдағы 2 мың ауыл мектебін жоғары жылдамдықты интернетпен қамту жоспарлануда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 193

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ